

Ф. Какимов, 2-курс; М. Канатов, 3-курс
Ғылыми жетекшісі: Д. А. Мергембаев, қылмыстық құқық және
криминология кафедрасының оқытушысы, құқық магистрі
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды
академиясы)

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ — ӘЛЕУМЕТТІК БӘЛЕ!

Қазақстан өз тәуелсіздігін жариялағаннан бері аздаған уақыт ішінде оны көптеген мемлекеттер мойындады. Еліміздің қарқынды дамуына кері әсерін тигізетін қауіп-қатер еліміздің әлеуметтік жағдайын да нашарлатуда. Бұл — сыбайлас жемқорлық.

Өкінішке қарай ол білім беру, медицина сияқты ізгілікті үгіттеген салалардан бастап құқық қорғау органдарына дейін бой көрсетіп келеді.

Қазіргі заманғы Қазақстан қоғамында сыбайлас жемқорлықтың себептері мыналар болып табылады: Қазақстан Республикасындағы адам және азамат құқықтары саласында халықтың құқықтық мәдениетінің төмен деңгейі; мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер, ұйымдар, барлық жеке меншік нысанындағы кәсіпорындардың басшылық құрамын құруда кадрлар іріктеудің жетілмегендігі; сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес тәрбиесі және оқу орындарында, ең алдымен жоғары оқу орындарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы түсінік қалыптастыру жүйесінің болмауы; мемлекеттік органдар шенеуніктерінің, мемлекеттік ұйымдардың, мекеме және кәсіпорындар басшыларының арасында ашық түрде мүліктері, табысы және оның көзі туралы жариялаудың болмауы; кейбір шапшаң өсетін басшылардың мемлекеттігі, азаматтығы және патриотизмнің төмен деңгейі; мемлекеттік қызметшілердің жалақысының және мемлекеттік қызметшілердің әлеуметтік қорғалуының ынталандыру шараларының төмендігі; мемлекеттік қызметшілердің біліктілігі мен кәсіби деңгейінің төмендігі.

Қоғам бойына құрт болып түскен сыбайлас жемқорлықтың тамырына балта шабу әзірше мүмкін болмай тұр. Жемқорлықтың өркендеп өсуіне халықтың табиғаты, санасы, сауатсыздығы да ықпал етпей қоймайды. Көбі шаруаны бармақ басты көз қыстымен бітіргенді жөн көреді. Солай еткенде ғана бәрінің дұрыс болатынына байлам жасап алған. Жоғары оқу орнына талапкер өтініш білдірсе ата-анасы осы баланың білімі жетер ме екен? Соны қадағалап, соны талап етейінші демейді, таныс іздейді. Қызметке тұрса да таныс іздеп жортып жүргені. Соған сай кеңседегілер де кергиді. Бұның бәрі берідегі ұсақтүйектердің ұсқыны. Ал ақ жағалылардың арасында түйені түгімен, биені бүгімен жалмау — салтқа айналған. Былайша айтқанда, жемқорлық Қазақстанда өмір сүрудің салты болып бара жатқандай. Мемлекет басшысы Қазақстан халқына арналған Жолдауларында да, Қауіпсіздік Кеңесі, құқық қорғау органдары басшылары мен «Нұр Отан» саяси демократиялық партиясы өкілдерімен өткізген әрбір алқалы жиындарында да бұл мәселені басты назарда ұстап келеді. Құқықтық мемлекет пен демократиялық қоғам құрып, ел экономикасын алға жылжытуға үлкен кедергі келтіріп отырған осынау жемқорлық дерті бір жылда, бір күнде пайда болған жоқ. Оның тамыры мүлдем тереңде жатыр. Сондықтан жемқорлықты түп-тамырымен жоқ қылуға әлі де ертерек. Тіпті, ол мүмкін де емес!

1990 жылдары сыбайлас жемқорлық мәселесі аса өзекті мәселеге айналды. Осы кезде бұрынғы социалистік елдерде сыбайлас жемқорлық аса үлкен қарқынмен дамыды. 2008-2013 жылдар кезеңінде Қазақстан Республикасында 10929 сыбайлас жемқорлық қылмыс анықталды. Бұл ретте, осы көрсеткіштің жыл сайынғы өсу үдерісі байқалды, егер 2008 жылы осындай қылмыстар саны 1505 болса, 2013 жылдың нәтижелері бойынша — 1911, яғни 27 пайызға өскен.

2013 жылдың 2-ші жарты жылдығында 1333 қылмыстық іс қозғалды, 900 адам қылмыстық жауапкершілікке тартылды, оның ішіндегі 120 адам мемлекеттік лауазымдық тұлғалар.

«Қазақстан-2050 Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты 2012 жылғы 14 желтоқсандағы тәуелсіздік күні қарсаңында халыққа арнаған Жолдауында Елбасымыз мемлекеттік басқарудың жаңа түрін қалыптастыруда және ол қоғамға қызмет ету мен мемлекеттілікті нығайтудың жаңа жеті басым міндеттеріне сай болуы тиіс екендігін мақсат етіп қойды. Басым міндеттердің бірі ретінде мемлекет пен қоғам жемқорлыққа қарсы күресетін бір күш болуға тиіс. Жемқорлық — жай құқық бұзушылық емес. Ол мемлекеттің тиімділігіне деген сенімді әлсіретеді және ұлттық қауіпсіздікке төнген тікелей қатер болып табылады. Біздің түпкі мақсатымыз — жемқорлықты құбылыс ретінде жою үшін жемқорлыққа қарсы заңнамаларды жетілдіру арқылы жемқорлықпен күресті қатты күшейту қажет екенін айта келе Елбасы өз жолдауында құқық қорғау органдары мен арнайы қызметтерінің реформасын жалғастыруға тиіс екенімізді көрсетті. Сонымен қатар Елбасымыз жемқорлыққа қарсы күрестің мынадай бағыттарын белгіледі. Олар: сыбайлас жемқорлықтың алдын алу басымдығы, оны тудыратын себептер мен оған ықпал ететін шарттарды жою; мемлекеттік ресурстарды бөлуді бақылауды күшейту; мемлекеттік органдардың рұқсат беру функцияларын іске асыруын бақылау; сыбайлас жемқорлықпен күреске өкілеттік билік органдарын кеңінен тарту; әртүрлі салаларда сыбайлас жемқорлықтың орын алу деңгейін анықтау кезінде халықаралық рейтингтер жүйесін пайдалану; халықаралық институттардың, отандық үкіметтік емес ұйымдар, саяси партиялар мен мемлекеттік органдардың өзара іс қимыл жасасуы.

Әрине сыбайлас жемқорлық сылып тастайтын сыртқы жара емес, бұл тамырын тереңге жайған, ағзанын толыққанды қызмет етуіне қатер төндіретін қауіпті кесел. Оны емдемес бұрын аурудың пайда болу, даму, таралу жолдарын біліп, дерттің қозуына қолайлы жағдай тууына жол бермеу керек.

Ал сыбайлас жемқорлық пара беруден басталады. Сол себепті пара алуды тоқтату үшін ұсыныс ретінде Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексі 312-бабының жауаптылығын қатайту керек. Бұл сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жолдары болады. Осы өзгерістер енгізіліп, пара берген үшін жауаптылық қатайғаннан кейін халық пара беруден бас тартады деген ойдамын.